

егемен

Қазықаспан

Дінаралық үнқатысу – түсіністік бастауы

Биыл 2010 жылға ғана емес, ХХІ ғасырдың жаңа онжылдығына қадам бастық. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы орайдағы Жолдауында Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етудің мәртебелі миссиясы сеніп тапсырылғанын айта келіп, “Біз жаңа онжылдығымызды әлемдік деңгейдегі осындай абыройлы тарихи оқиғамен бастадық” деп атап көрсеткені белгілі. Нұрсұлтан Әбішұлы мұны жақсы нышанға балап, “біздің алдағы барша жетістіктеріміз осындай жарқын болады” деген сенімін білдірді. Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуропа ұйымына төрағалыққа ұсынып, еліміздің сол мәртебелі лауазымға қол жеткізуін ұйымдастырып қана қоймай, Ұйымның алдағы кезде қалай дамығаны жөн деген өзінің ой-пікірлерін құрлық жұртшылығының назарына да ұсынды. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сондай толғаныстарға толы еңбегі “Известия” газетінде және “Интерфакс” агенттігінің сайтында жарияланған “ЕҚЫҰ тағдыры және перспективалары” атты мақаласы деп білемін. Шейх Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, Бас мүфти.

Халықаралық аса ықпалды Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға Алла тағала нәсіп етіп, Қазақстан төрағалық жасап келеді. Іс басындағы төрағалық кезінде еліміз алдына қандай мақсат қойып отырғаны жөнінде Елбасы өз еңбегінде былай деп атап көрсеткен болатын: “Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы Шығыс пен Батыс арасындағы жаңа қатынастар кезеңінің бастауын негіздеп, өзара сенімді нығайтуға қызмет етеді... Мәдениетаралық және өркениетаралық үнқатысу идеяларын жақтайтын, көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан ұлтшылдықты, діни төзбеушілікті, нәсілшілдікті, ксенофобия мен антисемитизмді тиімді еңсеру үшін ұйымның айтарлықтай қуатты әлеуетін пайдаланбақ”. Аллаға шүкір, еліміз құрамы 56 мемлекеттен тұратын осынау Ұйымға төрағалық тізгініне ТМД кеңістігінде, мұсылман әлемінде бірінші болып қол жеткізді. Әлбетте, күні кеше ғана бодандық бұғауынан босаған жас тәуелсіз мемлекет үшін бұл зор абырой, әрі жауапты міндет екенін түсінеміз. Бір өркениет аясындағы екі дүниежүзілік соғыс, Азия мен Африканың көптеген елдерін жайлаған отарлау, қазан төңкерісі салдарынан әлемнің капиталистік және социалистік лагерь боп екіге бөлінуі, ақырында соңғысының сахнадан ығысып, қазіргі ТМД деп аталған және өзге де жұрттың азаттық алуы іспетті, т.б. қым-қуыт оқиғаларға толы ХХ ғасырды да бастан кешірдік, олардың бәрі енді тарих қойнауына кетті. Адам баласының жаңа ғасырды бейбітшілік, ынтымақ, өзара түсіністік пен сыйластық ғасыры болар деген үміті, өкінішке орай, қазір ақталмай тұр. Атеизм үстемдік еткен заманнан құтылдық па дегенде, енді діни экстремизм, фундаментализм, лаңкестік, радикализм сияқты тағы басқа да “измдер” елдің берекесін алуда. Батыстың кейбір ғалымдары “өркениеттер қақтығысы” дегенді шығарумен қатар, “Батыс пен Шығыс текетіресі басталды, оның арты жақсылыққа апара қоймас” деген іспетті болжамдар айтуда. Осы орайда әлемдік және дәстүрлі

діндер жетекшілерінің Астанада өткен үш құрылтайын жаңа ғасырдағы теңдесі жоқ айтулы оқиға деп бағалаған жөн. Ал осындай келелі жиын өткізу идеясының бастамашысы – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Оны өз кезінде Әлемдік ислам лигасы, Әлемдік еврей конгресі, Ватикан, Орыс православие шіркеуі және тағы да басқа толып жатқан діни орталықтар мен топтар, қауымдастықтар құп алды, соған орай құрылтайларға белсене қатысты да. Бірінші Құрылтайға Азия, Африка, Таяу және Орта Шығыс, Америка, Канада, Еуропадағы 13 елден, екіншісіне 26, ал үшіншісіне 35 елден делегациялар қатысты. Осынау келелі әлемдік діни жиынға артылған үміт өзін ақтады. Ол үшін республикамыздың кіндік қаласының таңдап алынуы да кездейсоқ емес-ті. Қазақстан – көп ұлтты, бірнеше конфессиялы, түрлі мәдениеттер тоғысқан ел. Алла тағаланың жақсылығы және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бейбітшілік сүйгіш саясаты, парасатты басшылығы арқасында мемлекетімізде тіл мен дінді, түрлі мәдениетті ұлттар мен ұлыстар өзара ауызбірлік пен ынтымақта тату-тәтті өмір сүріп келеді. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінде мұның шешуші фактордың бірі болғаны сөзсіз. Бұған қатысты Елбасы “ЕҚЫҰ тағдыры және перспективалары” атты мақаласында: “Біздің міндетіміз – ЕҚЫҰ бойынша әріптестерімізге ұлтаралық және конфессияаралық келісім саласында жинақтаған тәжірибемізді беру”, – деп орынды атап көрсеткен. Бүгінгі күннің ең өзекті ұлттар мен ұлыстараралық және конфессияаралық өткір мәселелерін барынша жолға қойып, тиімді де ұтымды шеше алған еліміздің осы аталмыш халықаралық ұйым мүмкіндігін пайдалана отырып бұған қатысты өз іс-тәжірибелерін ортаға салып, ұсынуына болады. Бұл күндері әлемнің көптеген жерінде шиеленіс ошақтары сақталуда. Оның бәрі де халықаралық ұйымдар тарапынан өзінің парасатты да байыпты оң шешімін күтуде. Бұл ретте Солтүстік Ирландиядағы католиктер мен протестанттар арасындағы ұзаққа созылған діни жанжалды атап көрсетуге болады. Бұлар – христиан дінінің екі үлкен тармағы. Таяу Шығыстағы жалғасқан израиль-араб жанжалы жаһан жұртының зиялылар қауымы мен саясаткерлерінің және БҰҰ-ның бас ауруына айналғалы жарты ғасырдан асты. Ирак пен Ауғанстандағы бейбіт халық бүлікшілер ұйымдастырған түрлі жарылыстардан зардап шегуде. Одақ ыдырар алдында Таулы Карабақ үшін бұрқ ете қалған әзірбайжан-армян жанжалы әлі күнге сол аймақ үшін солқылдап сыздаған сыздауыққа айналды. Оның қашан жазылары, не жарылары бір Аллаға ғана аян. Жуырда ғана Нигерияның солтүстігіндегі мұсылмандар мен христиандар арасындағы қақтығыстан 149 адам қаза тауып, 300-дейі жарақат алды. Бір ұлттан тұратын халықтың 40 пайызы христиандар, ал осыншасы мұсылмандар. Сенімдерінің бөлектігінен туындаған түсініспеушілік салдарынан мұндай қақтығыс жиі болып тұратын көрінеді. Бұлардың астарына үңілер болсақ, ұлтаралық та, дінаралық та алауыздықты байқар едіңіз. Осынау дау-жанжалдарды одан әрі ушықтырмай, шешімін табуда қарсыласушы екі жақтың саясаткерлерін сабыр мен парасаттылыққа шақыратын діндарлар рөлін әлі күнге тиісінше ескеріп, бағаламай жүрген сыңайлымыз. БҰҰ мен ЕҚЫҰ және тағы басқа да ықпалы зор халықаралық ұйымдар жанынан құрамына ірі-ірі әлемдік және

дәстүрлі дін жетекшілері мен өкілдері енетін арнайы кеңесші дауысты иемденетін мәртебесі жоғары комиссия құрылса құба-құп болар еді. Сондай-ақ төрағалығымызды пайдаланып Әзірбайжан-Армения, Палестина-Израиль, Нигерия, Солтүстік Ирландияның басты дінбасыларын дөңгелек үстелге шақырып, халықаралық конференция өткізсек. Мүмкін сол елдердің саясаткерлері таба алмай, мәмілеге келе алмай отырған түйткілдің мәнісін шешуге септігі тиер ме еді. Сонымен қатар ХХІ ғасырдың бейбітшілік, өзара түсіністік пен сыйластық ғасырына айналуына ұйытқы болады, атсалысады деп үміт артылған Астанада өткен құрылтайлардың келесі төртіншісінің күн тәртібіне жаһандық рухани дағдарыстан шығу мәселесі қойылса, бұған қатысты жер шарының түкпір-түкпірінен жиналар ислам, христиан, иуда, будда секілді әлемдік діндердің жетекшілері мен ірі саясаткерлер де өз ой-толғамдарымен бөліссе, мұнан бейбітшілік мүддесінің көп ұтары сөзсіз. Шығыс пен Батыс арасындағы түсіністікті тереңдету ісін өз төрағалығы кезінде жүргізу ниетіндегі Қазақстан келесі жылы ИКҰ-ға төраға болатынын ескере отырып, Елбасы мақаласында атап көрсеткеніндей, “Осынау ортақ мақсаттың практикалық тұрғысына ЕҚЫҰ мен ИКҰ арасындағы үнқатысуды белсенді ету жәрдемдесер еді”, деп атап өткен болатын. Ал таза дінаралық тұрғыда мақалада нақты жазылғанындай, Қазақстан “мұсылман және христиан өркениетін жақындастыру” мақсатын да көздеме. Бұған дейінгі үш құрылтайда діндердің бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтары дәріптеліп, оларды басшылыққа алуға шақырған көптеген бағалы ұсыныстар мен келелі ой-пікірлердің ортаға салынғаны белгілі. Соның бірқатарынан үзінді келтірелік. Әл-Азһар университетінің ұлық имамы, шейх Мұхаммед Сайд Тантауи: – Әрбір есі дұрыс адам, оның ішінде діни бағыттардың басшылары бір-бірімен ынтымақтаса араласып, көктен түскен киелі кітаптар мен адам ақыл-ойы қастасу үшін емес, достық пен шат-шадыман өмір үшін жіберілген. Жауыздық емес игі істер үшін бұлар діни айырмашылықтарына қарамай, мамыражай ынтымақта тұруға болатынын дәлелдейді. Ислам мәдениеті және ой-санасы институтының директоры (Иран) Әли Акбар Садеги Рашад: – Діннің адамдарды ұйымдастыруда, олардың іс-әрекеттері мен сезімдеріндегі рөлі айрықша, өйткені дінді пайдаланып асыра сілтеу жақсылыққа апармайды, ол адам өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан да дін екіжүзді өткір пышақ секілді. Ол халықаралық қауіпсіздіктің басты факторына айналып кетуі мүмкін. Ал дінді лаңкестіктің құралына айналдыру қайшылықтар мен қауіпсіздіктің бұзылуына алып келеді. Израильдің бас сефард раббині Шломо Амар: – Адам береке-бірліктің, татулықтың, сүйіспеншілік пен ұйымшылдықтың сөзін айтса, ондай сәулелі сөздерді естігендер жайбарақат сезімге бөленеді. Мұндай сөздер бүкіл дүниеге махаббат пен шапағат нұрын себеді. Сондықтан айтар сөзімізге абай болайық деп ескерткім келеді. Ол аз десеңіз, біз тіпті ой-санамыздың тереңінде де сақ болғанымыз жөн, неге десеңіз біздің аузымыздан шыққан сөзіміз өзіміз қорытқан ойымыздың нәтижесі. Жүрегімізді таза ұстасақ, сөзіміз де кіршіксіз таза болмақ. “Чегечон” будда ұйымы қоғамдық істер департаментінің директоры (Корея Республикасы) Жи Вон: – Әртүрлі діндердің ынтымақтастығы қажет.

Барлық елдердің діндері мейірімділікке, бейбітшілікке және сүйіспеншілікке талпынады. Ешбір дін, түптей келгенде, соғыс пен талас-тартыстарды уағыздамайды. Діндер негізінде әртүрлі елдер арасындағы қақтығыстар әлі жалғасуда, өйткені олардың арасында өзара терең түсіністік жоқ. Діндер бір-бірін дұрыс түсінуі үшін дінге сенушілер арасында диалог болуы керек.

Бейбітшіліктің болмауы соғысқа әкеп тірейді. Осы тұрғыдан қарағанда әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының Қазақстандағы конгресінің діндер арасындағы диалог үшін маңызы аса зор. Діндеріміздегі айырмашылықтарға қарамай, ождан бостандығын қорғауымыз қажет. Константинополь православие шіркеуінің патриархы I Варфоломей: – Діндердің өкілдері – біздер, алдымызда туып отырған постмодернистік уақыттың қиыншылықтарына қарамастан, нақты ынтымақтастық қарым-қатынас арқылы әлемдік тәртіптің деңгейін сақтап қала аламыз. Дінді күнделікті өмірден айырып алу үрдісі оның нәтижелері қашанда қорқынышты... Құрылтайларда оған қатысушылардың жер шарының әр түкпірінен көрініс беріп жатқан қақтығыс, соғыс, лаңкестіктер дінге еш қатыссыз деген тоқтамға бірауыздан келіп, болуы мүмкін делінген “өркениеттер қақтығысы” болжамының жоққа шығарылуы, “дінді саясатқа айналдырып, өзара текетіреске жол берілмеу керектігінің” де мәлімделуі адамзаттың ертеңгі күні жарқын бола түседі деген ізгі үміт отын тұтатты. Өйткені бір мәдениетті озық, екіншісін төмен санау, бір ұлттан бір ұлтты артық көрудің аяғы жақсылыққа апармайтынына қарт тарих әлденеше рет көз жеткізген-ді. Қасиетті Құран Кәрім: “Егер Алла өзі қаласа, сендерді, әрине, бір үммет қана етер еді. Бірақ ол сендерді сынау үшін түрліше шарифат жасады. Жақсы істерге ұмтылындар. Сендердің бәрің де Тәңірінің алдына қайтып ораласындар”, (“әл-Маъида” сүресі, 48-аят), – деп барша адамзатты ізгілік пен бірлікке шақырады. Осыған орай дін қайраткерлерінің көбіне-көп: “Қайтсек жер шарын аман сақтап, қайткенде өзара сыйластықта өмір сүреміз” деген өзекжарды мәселелер төңірегінде ой бөліскені, планета тұрғындарын соған шақыруы керек деп санаймыз. Бұл ретте қайталай айтсақ, әдетте бастары өте сирек қосылатын түрлі тілді, дінді, ұлтты, нәсілді дін жетекшілерінің Астанаға үш рет жиналып, диалог өткізуінің өзі зор жетістік. Бұл Қазақстанның әлем алдындағы абыройын, мәртебесін тағы бір көтеріп паш еткен ғибратты да аса маңызды іс-шара болғаны даусыз. Мұндай келелі Құрылтай елімізде өтіп тұрса артық етпесі хақ. Өйткені онда дінге байланысты кез келген болуы ықтимал келеңсіз жәйттердің алдын алып, одан әрі ушығуына жол бермес еді. Иә, бүгін әлемдегі шиеленісті мәселелердің түйінін шешуде дін қайраткерлеріне үлкен үміт артылуда. Ол үміт үдесінен қалай шығу мәселесі діндарларды терең ойландырып, толғандырары сөзсіз. Ол үшін барлық дін басшылары, мешіттер мен шіркеулер, озық ойлы интеллектуалды орта өз халқының рухани да, мәдени де деңгейін көтеруге тиісінше ықпал-әсер етуі қажет деп білеміз. Бұл күндері кім-кімге де белгілі маңдайынан соры арылмаған Ауғанстан есірткінің үлкен қоймасына, тұрмысы аса төмен, дені сауатсыз тұрғындарының күнкөріс көзіне айналғаны жасырып-жабары жоқ шындық. Бұл түйінді шешудің бірден-бір жолы бұл елге қолдау мен қайырымдылық

көмек аясында жаппай сауатсыздықты жою үшін жастарына бүгінгі талап пен сұраныс деңгейінде білім беру. Бұл тұрғыда Қазақстан осы елге азық-түлікпен қарасумен қатар жастарының біршама бөлігіне білім беруді өз қамқорлығына алды. Өзінің осы ізгі бастамасын ЕҚЫҰ-ға мүше елдерге ұсынуы және Ауғанстан проблемасын шешуге қолғабыс көрсетуге мұрындық болуы расында да құптарлық. Жалпы күштінің әлсізге зорлық-зомбылығы, күш көрсетуі тыйылып, мейірім мен рахымдылыққа, жанашырлыққа жол ашылмақ. Қайсыбір мемлекеттің білек күшіне сеніп, өзге жұртқа күш қолданып, қамшы үйіруі түсіне білсек, ең алдымен өз елі мен мәдениетіне қол көтеруі. Өзгені езіп-жаншыған қара күштің өз түбіне де жетерін ұмытпағаны жөн. Сол себепті де әлемге қауіп қазір Жер-анамыздың өзге бір планетамен соқтығысып қалуы, немесе табиғи байлықтың сарқылуы, тіпті керек десеніз ядролық соғыс та емес, бар пәле мәдениеттің, яғни сананың төмендігі мен имансыздықта. Сан ғасырлар бойы адам баласы жасаған өркениеттерді әрі қарай дамытатын сара да негізгі жолдардың бірі – мәдениеттер мен діндердің өзара үн қатысып, тілдесуі екенін бүгін ешкім де жоққа шығара алмайды. Мәдениеттердің бір-біріне еткен игі әсері, өзара тоғысуы және имандылық пен парасаттылық, тектілік пен зиялылық арқылы ғана мәдениеттер өзара байып, өркендейді. Осы арқылы адамзат өркениеттерінің мозаикасы қалыптасады. Сол себепті де мәдениеттер мен діндер арасындағы үнқатысу мен өзара түсіністік қана, біздіңше бірте-бірте қылаң бере бастаған ұлттар мен ұлыстар арасындағы қақтығысты болдырмаудың негізгі әрі басты құралы бола алады. Осы ретте XIV ғасырдан бері адам баласын ізгілік пен қайырымдылыққа, ынтымақ пен бірлікке үндеп келе жатқан ислам діні – рухани тазалық, адалдық, ізгілік, достық, діндер, ұлттар мен ұлыстараралық қарым-қатынас туралы не дейді? Қазақстан қоғамын қазір ерекше алаңдатып отырған өзекжарды жәйттерді таратыңқырап айтумен қатар, жұрттың көкейінде жүрген кейбір мәселелерді де өз пайымдауымызша ортаға салғымыз келеді. Иә, Ислам діні әлемге шуақ шашып, нұрын тарата бастағалы бері адамзатты өзара татулыққа, достыққа, әділдікке шақыруда. Ислам өмірді ұлықтап, адамдарды оның қадіріне жетуге үндейді. Адам денесі – материалдық әлемнің бөлігі. Сол денеге Алла тағала қалауынша ұзақ немесе қысқа етіп сынақ үшін жан берген. Сондықтан жан адам денесіндегі уақытша қонақ. Олай болса, адам баласы ғұмырын барынша мәнді де маңызды, тақуа да зиялы, игі де ізгі іс істеумен өткізгені абзал. Қасиетті Құранда: “Ізгі істерге, тақуалыққа көмектесіңдер. Күнә жасауға, жаулыққа жәрдемші болмаңдар. Құдайдан қорқындар, оның қаһары, тегінде, тым қатал” (“әл-Маъида” сүресі, 2-аят), – деп Алланың тура, яғни мұстақим жолымен жүруге, иманнан таймауға, игілікке, қайырымдылыққа, шапағатқа шақырады, қандай да жамандықтан алдын-ала сақтандырады. Ал, түптің түбінде қасарысып, райынан қайтпаса, Алланың берген несібесін қанағат етпей тойымсыздыққа, зұлымдыққа бой алдырса, әлсізге жапа шектіріп, қысастық етсе, пасықтық пен күпірлік батпағына батса, онда “жамандық жасағандар сол жамандығына тепе-тең жазаға ұшырайды, қорлыққа жолығады. Құдайдың қаһарынан оларды ешкім құтқара алмайды, жүздері қараңғы түннің қара бояуы

жағылғандай қарайып кетеді. Тозақ тұрғындары, әне, солар. Онда олар мәңгі қалады” (“Жүніс” сүресі, 27-аят), – дейді қасиетті Құран. Осылайша хақ Ислам барша адамзатқа әділдікті үлгі, зұлымдықты харам етті. Өзара жәрдемдесу, мейірімді де рахымды, бауырмашыл болу оның ұлық тәлімдерінен. Хазреті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) те осыған шақырды. Біреудің басына іс түссе шайтани амалмен жалт бұрылып, жалтарып жалғыз тастап кетпей, қашанда қасынан табылуға, қиындығы мен қайғы-қасіретін бірге бөлісуге үндейді. “Егер адамның бір жері ауырса, оны денесінің өзге мүшелері де сезінеді”, – дейді Ол (с.ғ.с.) өз хадис шәріптерінің бірінде. “Шайтан – адам баласының қас жауы. Ол саяқ жүріп жалғыз қалғанды, қоғамынан бөлінгендерді, адасқандарды құшағына алады. Сондықтан да айналмалы жолдан сақтаныңыздар, тура жолмен – умма (көпшілік) жолымен жүріңіздер”, – дейді Алланың елшісі (с.ғ.с.). Хазреті Пайғамбарымыз жікшілдерді, ғайбатшылдар мен өсекшілерді, екі досты бір-біріне айдап салып жауластырып, ажыратып жіберетін күншілдерді мейлінше жек көрді. Бұл туралы Алла тағала қасиетті Құран Кәрімде: “Мұъминдер анығында бір-бірімен (дін) бауырлар”, – деген. Мұнда адамзатқа өте пайдалы, ғибраты мол мән-мағына жатыр.